



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02
ББК 74.00
И 63

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: И 63 А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

ӨОЖ 372.881.1

СӨЙЛЕМ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

Мурзахметова Айгуль Муратовна
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Қостанай қаласындағы физика–математикалық
бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі
Қостанай қаласы, Қазақстан
E–mail: murzakhmetova_ai@kst.nis.edu.kz

Аңдатпа

Бұл мақалада сөйлемдердің мағынасы, құрылымы, функционалдылығы бойынша түрлері қарастырылған. Сөйлем түрлерін оқытудың пәнаралық байланыс үшін жаңартылған оқыту жүйесіндегі маңызы туралы жазылған. Сөйлем түрлерінің коммуникацияның басты құралы ретіндегі рөлі зерттелген.

Түйінді сөздер: сөйлем, ұстаным, құрылым, синтаксис, семантика.

Аннотация

В этой статье рассматриваются виды предложений в зависимости от их значения, структуры и функциональности. Написано о важности обучения видам предложений в обновленной образовательной системе для межпредметной связи. Исследуется роль видов предложений как основных средств общения.

Ключевые слова: предложение, принцип, структура, синтаксис, семантика.

Abstract

This article discusses the types of sentences depending on their meaning, structure and functionality. It is written about the importance of teaching the types of sentences in the updated educational system for interdisciplinary connection. The role of types of sentences as the main means of communication is investigated.

Key words: sentences, principle, structure, syntax, semantics.

Өз ойларын жеткізуде саналы түрде сөйлемді қолдану дағдысын қалыптастыру – орта және жоғары сыныптағы қазақ тілі пәнінің негізгі міндеттерінің бірі. Сөйлемді қолдану дағдысын қалыптастырудың маңыздылығы алдымен әлеуметтік қызметпен айқындалады. Орта және жоғарғы сыныптағы оқушыларды сөйлемді қолдану дағдысын қалыптастыру – олардың сөйлемдер құрылысын аяқталған құрылымдық–мағыналық бірліктерге бөлу, ойдың негізгі мағынасын анықтау, сөздерді және оларды жалғаулармен байланыстыра отырып ойды құрылымдық және интонациялық жағынан рәсімдеуді білдіреді. Сонымен қатар, орта және жоғары сыныпта сөйлемдердің әртүрлі құрылымы тек қазақ тілі пәнінде емес: математикалық есептердің шарттарында, жаратылыстану ғылымдарының мәтіндерінде және т.б. салаларда қолданылады. Сондықтан, оқушыға мәтін соншалықты күрделі көрінгенімен, егер оқушы мәтіннен сөйлемдердің құрылымын дұрыс анықтай білсе, анализ арқылы жүйелі тапсырмалар соншалықты күрделі көрінбейді. Сондықтан, «Сөйлем және оның түрлерін оқыту әдістемесі» тақырыбының зерттеу өзектілігі, ең алдымен орта және жоғары сынып оқушыларының зияткерлік және гуманитарлық ой–өрісінің дағдыларының дамуындағы маңыздылығымен шартталады, себебі барлық сананың даму барысы сөйлеу дағдысының даму барысымен тікелей байланысты. Осыған орай зерттеудің объектісі – оқушылардың коммуникация кезінде сөйлем және сөйлем түрлерін орынды және саналы қолдану үшін олардың синтаксистік түсініктер мен құрмалас сөйлемдерді тәжірибелік қолдануға бағытталған қызметі.

Сөйлем – біршама аяқталған ойды білдіретін сөздер, я сөздер тобы. Тиянақталған ойды ауызша да, жазбаша да білдіруге болады. Ауызекі сөйлеуде сөйлем мен сөйлемнің арасында кідіріс (пауза) болады. Жазуда бір сөйлем екінші сөйлемнен нүкте, сұрау және леп белгілерінің бірімен айырылады. Сөйлемдер айтылу мақсатына және дауыс ырғағына қарай хабарлы, сұраулы, лепті, бұйрықты болып төртке бөлінеді.

Хабарлы сөйлем – сөйлемнің бір түрі. Хабарды, ақпаратты баяндау мақсатында айтылады. Хабарлы сөйлемнің негізгі грамматикалық белгілері: баяндауыштары негізінен ашық рай формалы етістіктен (немесе осы формаға сипаттас жұмсалатын есімдерден) жасалады; өзіне тән интонациясы болады. Хабарлы сөйлемдер баяу әуенмен айтылады. Жалаң сөйлемдер бірте–бірте қайырылса, жайылма сөйлемдерде дауыс сөйлемнің соңында бөсендей түседі. Мысалы, «Түн жым–жырт. Жел де жоқ. Бірақ сәл ғана білінген салқын бар» сөйлемінің мазмұны әр түрлі болғандықтан, олардың мазмұны сөйлемге қатысқан сөздердің, мүшелердің, әсіресе, баяндауыштардың мағыналық, тұлғалық ерекшеліктеріне байланысты болып келеді. Хабарлы сөйлем баяндауыштарының тұлғалық ерекшеліктеріне қарай болымды (Жаңбыр жауды), болымсыз (Жаңбыр жаумайды), қалаулы (Енді қырманға барайықшы), болжамды (Маржан ертең келетін шығар), ал баяндауыштарының қай сөз табынан жасалуына қарай етістікті (Үйдің іші жылынды), есімді (Күн жылы. Аспан ашық) болып бөлінеді. Хабарлы сөйлем екі негізді және бір негізді құрамда болады. Құрамында екі негізгі мүше бастауыш пен баяндауыш болып, сөйлем оларды тірек етіп құрылған болса, екі негізді болып келеді.

Мысалы, Енді, міне, үш бала қатар келе жатырмыз. Бір негізді сөйлемдер грамматикалық сипаты жағынан екі түрлі:

Арнаулы құрылысы бар баяндауыш мүшені тірек етіп құрылады. Мысалы, Оны бұзуға болмайды;

Бастауыш, баяндауыш деп тануға келмейтін, тірек мүше деп аталатын компонентті негіз етіп құрылады. Мысалы, Мидай дала. Жарқыраған ай.

Хабарлы сөйлем деп біреу я бірдеме туралы хабарлай айтылған сөйлемді атаймыз. Хабарлы сөйлемді айтқанда, оның аяғында дауыс бәсеңдейді. Жазуда хабарлы сөйлем соңына нүкте қойылады.

Сұраулы сөйлем деп біреу я бірдеме жайында білу мақсатымен сұрай айтылған сөйлемді атаймыз. Сұраулы сөйлем соңына сұрақ белгісі қойылады. Сұраулы сөйлемнің жасалуы:

- сұраулы сөйлемдер сұрау есімдігі қатысуы арқылы айтылады;
- сұраулық мағына ма (ме), ба (бе), па (пе) және ше деген сұраулық шылаулардың қатысуы арқылы да білдіріледі;
- сұраулық мағына кейде ғой, –ау шылаулары мен болар, шығар, қайтеді деген көмекші сөздердің және ә деген одағайдың қатысуы арқылы беріледі;
- сұраулық мағына сұрау дауыс ырғағының өзі арқылы да беріледі. Сұраулы сөйлемдер негізгі сұрақты, жетек сұрақты, анықтауыш сұрақты білдіреді.

Лепті сөйлем деп ерекше көңіл күйіне, сезімге байланысты (қуану, ренжу, таңдану, аяу, бұйыру және т. б.) айтылған ойды білдіретін сөйлемді дейміз. Лепті сөйлем ішіндегі сөздер түгелімен (әсіресе баяндауышы) көтеріңкі дауыспен айтылады. Лепті сөйлем соңынан леп белгісі қойылады. Лепті сөйлем ішінде сұраулық мәнді сөздер де аралас келуі мүмкін. Мұндайда сөйлем соңында леп белгісі мен сұрау белгісі қатар қойылады. Егер сұрау мағынасы басым айтылса я сұрау мәнді сөздер бұрын айтылса, сұраулық бұрын (?) қойылады, леп мағынасы басым айтылса я леп мәнді сөздер бұрын айтылса, лептік бұрын (!?) қойылады. [1, б. 20]

Сонымен қатар, сөйлем құрылымына қарай жай және күрделі сөйлем болып бөлінеді. Құрамы бір сөйлемнен құралатын сөйлемді жай сөйлем, ал құрылымы бірнеше сөйлемнен тұратын сөйлемді құрмалас сөйлем деп атайды. Жай сөйлем түрлерін жоғарыда қарастырдық, енді құрмалас сөйлем құрылымына тоқталсақ. Құрмалас сөйлемнің синтаксисі – жай сөйлем синтаксисі пәнінің жалғасы. Компоненттері жай сөйлемдерден құралған құрмалас сөйлемдер – өздерінің грамматикалық табиғаты мен синтаксистік құрылымы жағынан ерекше құрылымдық бірлік. Құрмалас сөйлем деп мағыналық жағынан бір–біріне байланысты екі немесе одан да көп жай сөйлемдерден құралып, күрделі пікірді білдіретін сөйлемді айтамыз. Сөйлем синтаксисі өз ішінде екі үлкен салаға бөлінеді: жай сөйлем синтаксисі және құрмалас сөйлем синтаксисі. Құрмалас сөйлем синтаксисі жеке ұғымдарды білдіретін жай сөйлемдердің өзара тіркесіп, құрмалас сөйлем болуын және құрмалас сөйлемнің түрлерін, жасалу жолдарын қарастырады. Функциясы жағынан жай сөйлем мен құрмалас сөйлем ойды жарыққа шығарудың құралы болғанымен, құрамы мен құрылымы, мағыналық қатынасы жағынан бір–бірінен ерекшеленеді. Құрамы жағынан алғанда, жай сөйлемдер жеке мүшелерден құралатын болса, құрмалас сөйлемдер жай сөйлемдерден құралады. Жай сөйлемде бір ғана предикативтік орталық болса, құрмалас сөйлемдер кемінде екі предикативтік орталыққа негізделеді. Құрмалас сөйлемдер компоненттері арасында жай сөйлемдердегідей тиянақталған интонация болмайды. Жай сөйлем жалаң ойды білдірсе, құрмалас сөйлем күрделі пікірді білдіреді. Құрмалас сөйлемге анықтама беруде осы аталған құрылымдық және семантикалық белгілері ескеріледі. [2, б. 14]

Қазақ тілінің синтаксистік құрылымында құрмалас сөйлем компоненттерінің орналасуы төмендегідей заңдылықтарға негізделген:

А) Препозиция. Тиянақсыз компонент бұрын, тиянақты компоненттері кейін айтылып, ойды тиянақтап, аяқтап тұрады.

Ту сыртымнан үп еткенде самал жел,

Елендеймін, сен шығар деп күрсінген (Ұ. Есдәулетов).

Ә) Постпозиция. Поэзиялық шығармаларда, жеке авторлық қолданыстарда тиянақты, тиянақсыз компоненттердің орын тәртібі өзгеріп, алмасып келуі де тіліміздің қалыптасқан заңдылық болып табылады.

«Я, Құдайлап» отыратын әжеміз,

Жалғыз ұлы жел өтінде жүргенде (С.Қосан).

Б) Интерпозиция. Сабақтас құрмалас сөйлемнің тиянақсыз компоненттері кейде тиянақты компоненттің ішінде келеді. Бірақ, бұл – тілдегі сирек кездесетін құбылыс. Табиғаты таусылған Нұғман, қаладағылар келіп жеткенше он кіріп, он шықты.

Мұндай құрылымда айтылудан сөйлемнің тек интонациялық жағына аздап өзгеріс енгенмен, оның компоненттері байланысына, жалпы мағынасына өзгеріс енбейді. [3, б. 15]

Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдерді топтастыру А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов С.Жиентаев, Н.Сауранбаев еңбектерінен бастау алды. Айта кететін мәселе: құрмалас сөйлемді топтастыруда әр ғалымның өзіндік ұстанымы бар. Қолданыстағы оқулықтар мен монографияларда жалпы құрмаластың

2–3, салаластың 6–10, сабақтастың 8–12 түрікөрсетіліп жүр. Жинақтап айтқанда құрмалас сөйлемді топтастырудың бірнеше ұстанымы бар:

1. Құрылымдық ұстаным;
2. Семантика–грамматикалық ұстаным;
3. Функционалдық ұстаным.

Құрмалас сөйлемдерді құрамына (құрамындағы предикатив сыңарларының сандарына байланысты) қарай екі үлкен топқа бөліп қарастырамыз:

1. Екі (қос) құрамды құрмаластар;
2. Көп құрамды құрмаластар.

Екі құрамды құрмаластардың құрамындағы компоненттерінің бір–бірімен грамматикалық байланысу тәсіліне қарай салалас және сабақтас деп, ал көп құрамды құрмаластарды аралас, көп компонентті салалас, көп бағыныңқылы сабақтас деп жіктеуге болады.

Салалас құрмалас сөйлемдер байланысу формасына қарай жалғаулықты, жалғаулықсыз (іргелес) болып бөлінеді де, сабақтастарды байланыстыру формасына қарай септеулікті, септеуліксіз сабақтастар деп жіктеуге болады. Салаластардың топтастыруда қолданылған жалғаулықты, жалғаулықсыз байланыс тәсілінің сабақтастардағы аналогиясы неліктен ескерусіз қалғандығы түсініксіз. Сондықтан құрмаластарды байланысу тәсіліне қарай синтетикалық, аналитика–синтетикалық және аналитикалық құрмаластар деп жіктеу де артық болмас еді. [4, б. 15]

Құрмалас сөйлемдердің баяндауышының қай сөз табынан жасалуына қарай есімді құрмалас сөйлемдер, етістікті құрмалас сөйлемдер деп бөлеміз.

Құрмаластарды функционалдық ұстаным негізінде төмендегідей топтастыруға болады:

1. Теңдік қатынастағы құрмаластар;
2. Айқындауыштық қатынастағы құрмаластар (субъект–предикаттық қатынастағы құрмаластар, атрибутивтік қатынастағы құрмаластар, объектілік қатынастағы құрмаластар);
3. Адвербиалдық қатынастағы құрмаластар.

Олар ішкі семантикалық белгісіне орай бөлінеді:

1. Ыңғайлас мәнді құрмаластар;
2. Шарт мәнді құрмаластар;
3. Қарсы мәнді құрмаластар;
4. Салыстырма мәнді құрмаластар;
5. Мезгіл мәнді құрмаластар;
6. Себеп мәнді құрмаластар;
7. Амал мәнді құрмаластар;
8. Мақсат мәнді құрмаластар;
9. Түсіндірмелі мәнді құрмаластар;
10. Кезектестік және талғау мәнді құрмаластар.

Бұл топтастырылудың бұған дейінгі топтастырылудан өзгешелігі – тұлғалық ұстаным негізге алынбай, басты орынға семантикалық ұстаным шығарылады.

Көп құрамды құрмаластарды аралас, көп компонентті салалас және көп бағыныңқылы сабақтас деп үшке бөлеміз. Мұндағы аралас құрмалас сөйлем – сабақтас пен салаластың араласып келген түрі. Жасалу жолы жағынан келгенде, аралас құрмалас сөйлем құрмаластың ерекше түрі болып саналмайды. Өйткені мұнда оның өзіне тән арнайы амал–тәсілдері болмайды, тек бұрыннан белгілі салаласа және сабақтаса байланысу амалдарының қабаттаса келуі арқылы жасалған деген пікір бар. [5, б. 11]

Қорыта келгенде, сөйлемді топтастыруда, алдымен, құрылымдық, содан соң функционалдық, одан әрі семантика–грамматикалық ұстаным басшылыққа алынуы тиіс. Сөйлем түрлерін білу жаңар–тылған білім жүйесіндегі пәнаралық байланыс үшін маңызды. Сөйлем түрлерін білу коммуникацияның басты құралы ретіндегі басшылық ретінде алынады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Р.Сыздық «Қазақ тілінің анықтағышы» Астана, 2000 ж.
2. Қордабаев Т. Қазақ тілінің құрмалас сөйлемдер синтаксисі. Алматы, «Санат», 1995
3. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1996
4. Құлмағамбетова Б. Қазақ тілін оқыту методикасы. А., «Мектеп» баспасы. 1998
5. Ш.К. Бектұров Қазақ тілі (лексика. Фонетика. Морфология. Синтаксис. Алматы, «Атамұра» 2006